

Бекітемін
Көлік колледжінің директоры
_____ А.С.Нугымаров
« ____ » _____ 2025 ж.

**Абай облысы Білім басқармасы
«Көлік колледжі» КМҚК
Әдістемелік кеңестің жұмысы туралы
Ереже**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 1 желтоқсандағы N 644 бұйрығымен бекітілген әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібі негізінде жасалды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Көлік колледжі" КМҚК туралы әдістемелік кеңес қызметінің тәртібін анықтайды.
2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңын, білім беру ұйымының Жарғысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 1 желтоқсандағы N 644 бұйрығымен бекітілген әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік ережелерін және оны сайлау тәртібін басшылыққа алады.

2. Әдістемелік кеңестің міндеттері

Кеңестің негізгі міндеттеріне жатады:

- 1) оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;
- 2) білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды жоспарлау, сараптама ұйымдастыру және басып шығаруға ұсыныс жасау;
- 3) білім беру ұйымдарында оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- 5) инженерлік-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу процесінің мазмұнын талдау;
- 6) оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;

- 7) білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 8) білім беру ұйымдарына жаңа технологияларды, әдістерді, оқыту құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 9) оқытушылардың шығармашылық (тұрақты және уақытша) топтары мен пәндік-циклдік комиссияларының жұмысын ұйымдастыру;
- 10) педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;
- 11) білім беруді дамыту және оны іске асырудың басым бағыттарын қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 12) инженерлік-педагогикалық кадрларды аттестаттауға қатысу;

3. Әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары

Әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыру;
- 2) құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;
- 3) жекелеген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау;
- 4) білім беру ұйымдарында оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- 5) білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;
- 6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық тасығыштарда және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- 7) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;
- 8) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту;
- 9) пәндік-циклдік комиссиялардың, шығармашылық топтардың, тәлімгерлердің және жеңімпаздар Кеңесінің жылдық жұмыс жоспарларын келісу және бекіту;
- 10) тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын әзірлеу және сараптау мәселелері;
- 11) оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысын және білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері;
- 12) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

4. Әдістемелік кеңесті сайлау және жұмыс тәртібі

1. Кеңес құрамына білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары, әдіскер, пәндік-циклдік комиссиялардың төрағалары кіреді. Кеңес құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2. Кеңес қызметіне басшылық жасауды төраға - білім беру ұйымы басшысының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.
3. Оқытушылар арасынан хатшы тағайындалады.
4. Кеңес жұмысы кеңес отырысында қабылданған және білім беру ұйымының басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
5. Кеңес отырысы екі айда кемінде 1 рет өткізіледі.
6. Кеңес отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен Кеңес ұсынымдары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Кеңес отырысының хаттамаларына және шешімдеріне кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды.
7. Кеңес, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.
8. Кеңес төрағасы немесе әдіскер жылына бір рет білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі алдында қызмет нәтижелері туралы есеп береді.
9. Кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуы, оның жұмысына белсенді қатысуы, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауы тиіс.